

Мазмұны

Кіріспе. Абсолюттік өрнекшілікпен-нің зерттеуі.....	4
Негізгі бөлім. Абсолюттікпен-нің арнайы жағдайлар.....	10
Қорытынды.....	32
Әдебиет тізімі.....	34

Кіріспе. Абай шығармашылығының зерттелуі

Абай қазақтың жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің негізін салушы. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол керемет суреткер ақын және сыршып лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге Абайды ойшып ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтамыз. Сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшып-философ ақын деген мағынада да айтамыз.

Абай поэзиясы қазақ әдебиетіндегі мүлде жаңа құбылыс, жаңа кезең болғанын айта отырып ақынның шығармашылық өнерінің негізгі ерек, сарқынмас қайнар көзі халық поэзиясы, жүздеген жырау, жыршы, ақындарды туғызған халықтың сан ғасырлық бай әдеби мұрасы дейміз. Абай шығармаларында алдымен мәйіпінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл күйін тікелей білдіріп, ойын тура айтады. Өлеңдері кейде сұрбат, сырласу, кейде насихат кейде ойға шому, ой толғау түрінде әр алуан болып келсе, ақын бейнесі анық ақын қалпында танылады. Ал кейде ақын өлеңін өз атынан, бірінші жақтан айтқанымен, өмірге жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен қарайтыны байқалады. Поэзияда ақын өмірде болғанды ғана емес, болатын болуы мүмкін жайларды жинақтап, шындыққа сәйкестендіріп айтатындықтан өлеңдегі ақынның бейнесі кейде осындай лирикалық тұлға қалпында көрінеді.

Ақынның поэзиядағы өз тұлға-бейнесі арқылы біз оның өзі өмір сүрген заманды қалай түсінетінін көреміз. Халық өмірінің, заман келбетінің поэзиядағы көрінісі арқылы ақын бейнесін айқынырақ сезіне түсеміз.

Жинақтап айтқанда, осының бәрінен сол дәуірдегі қазақ өмірінің мол шындығын табамыз.

Абайдың шығармаларында ойшылық пен суреткерлік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, азаматтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды. Қазақ әдебиеті реалистік жазба әдебиет үлгісіндегі нағыз лирикалық туындылардың жаңа түрлерімен толықты және осының өзі Абайдың ұлттық поэзиядағы ой-сезім жүйесін шексіз байытып, сөздің мағыналық, суреттік қуатын арттыруына, тіл ұстартуына зор мүмкіншілік туғызып, бұл салада ақынның өнімді жаңалық табуына жол ашты.

Абайдың қазақ тілін дамытуға, әдеби тілді, поэзия тілін өрістетіп, жаңа сөз өрнектерімен байытуға сіңірген еңбегі ұлан асыр. Абай поэзиясының тіл, сөз кестесі мей елек өрнегі кіршіктей кірпісі жоқ, саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сәншылығымен құнды.

Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейнелі сөздер өте көп кездеседі.

Абай поэзиясында әлеуметтік, азаматтық тақырыптардың қай-қайсысы болса да, мүлде жаңаша күйіп, басқаша шешіледі. Абайды туғызған орта, әлеуметтік жағдай, ақынның данышпандығы, зор таланты дүниені басқаша қарап, аңдауға мүмкіндік берді. Абай көтерген тың мәселелерге арнайы назар аударсақ, реалистік поэзияға жол қайдан басталғанын анық байқаймыз: ол халық поэзиясының қайнар бұлағы, сарқылмас нәрі. Бірақ Абай соны өзінің талантына сай алуан-алуан жаңалықтарымен байытқан. Ұлы Абай өз шығармашылығында сол жаңалықтары арқасында үлкен дәстүр қалдырды. Реалистік дәстүр, шындық дәстүр, халықтық дәстүр Абайдан кейінгі қазақ

поэзиясынан мықтап орын алды. Бұл жайында біз Абайдың екі сөзі ғана куәға аламыз.

Бірінші сөз – Абайдың қазақ поэзиясын ажыған тік көйіп, мүлкін қатарынша оны тілмәрлықтан, құр шешендіктен, әсіресе қызып болудан құтқару жайында. Мұны дәлелдеу үшін алдымен өзі айтқан талап-тілекті еске алайық:

Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын неқ сары ала қыз...

Әсіре қызып емес деп жиренбейіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз

Екінші сөз – Абайдың ақын орнын, оның қоғамдық, әлеуметтік ролін алғаш танып, Пушкиндармен қатар көркем сөзді жоғары сатыға көтеруі жайында. Бұл ақынның бүкіл мұрасымен дәлелденген, бірақ сағы да Абайдың өз куәшігіне жүгінелік:

Ақын белін буынып,
Қыранша қарап қырылға,
Мұң мен зарды қолға алар.

Кектекіп надан-зұлымға,
Шыыршық атар, толғанар

Ызаты жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл,

Не жазып кетсе: жайы сөп.

Не жек көрсендер өзін біл

Өзінің кім екенін біткен Абай тоғыз жолдың торабында өнерді өның ішінде поэзияны тандады. Соның өзінде “өлең піркін есеккіп жүрме жаар, сыршымды тоқтағайын айта бермей” деп теткіді. Жіті ойласаңыз, осында қаншама мағына бар. Абай өзінің ішкі әлемін ашып, өлеңпен мұң шағады, өлеңмен наз төгеді, өлеңмен сыр шертеді. Поэзияның табиғатын жетік біткен

ақын жомарттық жасаптын жерде жомарт та, сараңдық жасайтын жерде сараң. Ол кейде төгіле, кейде бүкіле. Кейде сыршып, кейде суретшіл, кейде іңкәр, кейде торықшы. Кейде әсершіл, кейде байқалпаз. Кейде ойшыл, кейде ақылғей. Осының бәрі оның байырғы болмысының, табиғи дарынның үстіне оның мұратының мақсатының мүддесінің көңдігінен туған қасиеттер еді. Сондықтан да Абай поэзияға төтенше жүктер артуға мәжбүр болды. Әбден тоқтасқан шағында туған қара сөздерін былай қоя тұрсақ, Абайдың фәлсапасы, эстетикасы, тұрмыстың толғағыстары оның поэзиясында, жұртқа тез жарайтын ұшқыр жанрда жатыр. Күн ілгері айта кету керек.

Поэзияның құмырлы қасиеті – сезім мен ой – пікірдің тұтастығында. Сана махаббат лирикасында сезім арқылы көрініс береді. Өзара тығыз ұласқан осы егіз құбылыс Абай поэзиясында мейлінше мол. Дарын қаншама биік болса, сезім соншама терең келешек. Терең де жалынды сезімді биік білетін осы биік дарын, Абай осы дарын тобынан.

Абай өзіне дейінгі ақындар поэзиясын жете танып білумен бірге, “Өркімге арнап мақтау өлең айту”, бірі жамау, бірі құрау өлең дәстүрлерінің ескіргенін де даналықпен түсінуі, енді бұлардан қайткенде арылу мәселесін қойды. Осы іздену барысында өзге әдебиеттермен творчестволық байланыс жолына шықты.

Абай творчествосының көптеген келелі мәселелері – білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыруы, надандықты, артта қалу кесалатын айыптауы, алауыздың пен әкеріс – тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануда, т.б. әшкәреденуі осының бәрі өлең – жырдың өзегі болып, айрықша ақындық қуаңмен айтылады.

Қазақ поэзиясына көп жаңалық, соны қасиет әкелген Абайдың лирикалық поэзиясынан оның ақындық шеберлігінің баға жетпес құндылығы, айрықша өзіндік сипат – қасиеттері әсіресе мол көрінеді. Ол

қазақ поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды.

Абай қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін ұстартып, шыңдап жетілдірді. Қазақтың әдеби тілін биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастырды. Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы, алуан түрлі болып келеді. Олар тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан да аса бай, әр қысы өмір құбылыстарын қамтиды. Халықтың тағдырын, заман жайын толғайтын сан алуан қоғамдық, саяси философиялық лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін жырлары, махаббат лирикасы, сатиралық өлеңдері табиғат суреттері, оларға қоса жеке адамдарға арналған жырлары, тағы басқа өлең түрлерін Абай поэзиясынан молынан жабамыз. Ұлы мұралар әр ұрпақ қарайды оқиды.

Абай ең алдымен ұлы ақын, ақындардың ақыны. Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, “Қазақтың ақыны”. Мәңгілік поэзияның қыры мен сырын зерттеуге қыруар жаңалықтар енгізген.

Абайдың өмірде, адамды суреттеуі барынша шынышыл да терең

Абайдың алтын сөзін кір шалмайды. Отызыншы жылдардың ортасынан бастап Абай ілімі бірте – бірте бір арнаға түсе бастады. Абай даналығы шексіз. Ақын мұрасының жас ұрпаққа жеткізілуі жолында еңбек етіп, тер төккен әдебиетшілер, ақын – жазушылар аз емес. (125).

Ауыз әдебиетінде, жырлаулар поэзиясында арнау өлеңдер дәстүрлері жанр екендігін көрсетіп, ішкі үлгілерін көрсетті. Замана озған сайын ұлы ақындардың қыры мен сыры ашыла береді. Заманаға жарасып, сезім жаңғыртады. Қанша зерттесек те, таусылмайтын рухани қырыс. (9, 165).

Абайға дейінгі ақындардың поэзиясында арнау өлеңдер дәстүрлі жанрдың бірі болды.

Ауыз әдебиетіміздің мәне үлгілерінен, толғау дәстүрлі поэзиямыздан Абайдай классик ақынымыздың шығармаларынан желілі түрде бой көрсетіп

әдебиет тарихында тұрақтылығымен, өміршеңдігімен ерекшеленген, осылайша бүгінгі поэзиямыздың құрамдас бөлігіне айналған жағдайы – арнаулық қазақ поэзиясының бірден – бір ұлттық жанры екендігіне дәлел. Қазақ өлеңінің ұлттық дәстүрлерін арнау өлеңдерсіз аңгімелеуге болмайды.

Арнау – әдеби шығарманың басында берілетін сол шығарманың кімге, қандай уақытқа байланысты екенін көрсететін, көбінесе оның түрінде келетін автордың сөзі. Кейде арнауға автор өз шығармасын белгілі бір адамға ізет – құрмет көрсетіп, сый ғып тартатынын айтылады. Кейде жазушы арнау сөзді кімге қаратып айтылғанын анықтамай, сол кісінің өзі ғана түсінетіндей етіп те береді. XVII ғасырдан бастап арнау мазмұны мен түрі жағынан өзгере бастайды.

Арнау XVII ғасырда орыс әдебиетінде алдымен мадақтау, мақтау, өсиет маңайында болады, өліге, тіріге арналған қошамет сөз түрінде кездеседі.

Шығыс әдебиетінде, әсіресе поэзияда үлкен эпикалық туындыларда кездеседі.

Арнау қазақ әдебиетінде де орын алады. Шығарманы тыңдаушыларға, оқырмандарға арнау сөзбен бастау қазақ әдебиетінде әріден келе жатқан дәстүр.

Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез – сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды. Мысалы, Абайдың “Оспанға” деп атап көрсеткен “Жайнаған туың жығылмай”, “Кешегі Оспан ағасы” деп басталатын үш өлеңін алсақ, үшеуі де Оспанның адамшылығы, қасиеттерін әр қырынан ашып көрсету мақсатымен жазылған. Ал “Көкбайға” (Бұралып тұрып) атты өлеңінде Абай аз ғана сөзбен кейіпкерді (сөзбен) өзінен дәл көрсету арқылы, оның қызыл – қозғалысқа толы жаңды бейнесін, сымбатын, портретін көзге айқын елестетеді. Бұл үлгідегі өлеңдердің негізгі

өзгешелігі – олар жайырауға құрмет сезімін білдіру үшін арналған өлең емес, сол адамды тікелейде арналған шығарма деуге болады.

Арнау арнаған – ақ көрініп тұрғанындай белгілі бір адамға, құбылысқа не болмаса деректі затқа бағытталып шығарылады.

Жаңа жазба әдебиетінің басы Абай өнернамасында Әбдірахман, Оспан қазасынан кейін жазылған жоқтау өлеңдер бар. Сатиралық өлеңдер мен Оспан, Әбдірахман туралы арнаулары арқылы дәстүрлі жанр екендігін елестетеді.

Атадан алтау,

Анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жеріп жоқ

Ағайын бек көп

Айтсамын ештең,

Сөзімді ұзар елім жоқ.

Моласындай бақсының,

Жалғыз қалдым, тап шыным! – деп, өзінің жалғыздығын білдіреді.

Бірақ Абайдың бұл сөзіне қарап, мүлде жалғыз қалған екен, оның сөзін ел ұқпаған екен деп түсіну қате. Оспан мен Әбдірахмандай сүйекшілі бар екенін ұғыну керек. Абайдың сөзін елі ұқты да, бағалай да білді. (13. 267).

Негізгі тарау. Абай поэзиясындағы арнау өлеңдер

Жалпы поэзиямыздың, оның ішінде өлеңіміздің ұлттық сипаты мен мінезін Абайдың арнау өлеңдеріндегі әдеби бейнелерсіз, кейіпкерлерсіз әңгімелеу мүмкін емес.

“Күлембайға” – дан:

“Орнынан тара шабасың,
Атшабар келсе қышқырып,
Ояз келсе қайгер ең
Айдаһардай ысқырып.
Отыр асың үйінде
Өз өзіңнен күш кіріп.
Босқа – ақ түсіп қаларсың,
Біреу кетсе үшкіріп”

“Дүтбайға” – дан:

“Бір көрмеге төп – төтті
Қазаны мен қалбанды
Дөң айналмай аяғ атты,
Бүксіп, басып ар жағы
Сенен аяр түгі жоқ,
Бүтін сыйпас көрініп
Бүтін жалын, ертең шөк,
Сөзі мен өзі бөлініп” т.б.

Біріншіден, Абайдың арнау өлеңдерінде қоғамның белсенді мүшелерінің: болыстардың, пысықтардың, кулардың т.б. яки ұлтымыздың белгілі топтарының мінездері жасалған және бұл мінездердің Дүтбайлар мен Күлембайлардың т.б. мінездерінің негізінде жинақталып берілуі ұлттық мінез туралы әңгімені лирикалық “персонаждар” өмірімен байланыстыруымыздың дұрыстығын дәлелдей түседі. Абай арнауларындағы кейіпкерлердің бәрі ұлттық мінезде сай жасалғандықтан, ұлт өмірінің шынайы шынайдығынан алынып бейнеленгендіктен тәптілік дәрежеге көтерілген.

“Абайдың алғашқы кездегі арнау өлеңдері сырттай алғанда ауыз әдебиетінде, сондай-ақ Абаймен тұтас талай ақындардың творчествасында

кездесетін талай мысқыл өлеңдермен өте ұжас, үндес сияқты көрінгенмен, тереңдеп барлай карағанда олардың арасында іштей үлкен айырмашылық, ерекшелік барлығын аңдау қиын емес. Абай арзан әжуа айдудан, әйтеуір күлкі етуден аулақ. Ол өзі мысқылдап отырған құбылыстың ішкі мәніне тереңдеп үңіледі және сол кәселдің туындап жатқан төрінін тап басып, дәл табады, өзінің ызалы тілінің зілі мен зәрін соған қадайды. Осы арнаудағы кейіпкерлер мінезінің жасалу тәсілдеріне де назар аударуымыз керек. Бұндай өлеңдердің бейнелеу тәсілдері көбінесе объективті сипатты болып отырады. Өйткені ақын арнау өлеңдерде кейіпкерлер бейнесін жасау үстінде өз ішіне үңілмейді, өзі туралы айтпайды, бұл жерде лирикалық “мен” не ақындық “менің” үні естілмейді, ақын өлең нысанасындағы кейіпкеріне сипаттама мінездеме жасайды. Өлең кейіпкерлері ақыннан тыс, өмірде бар не болған адамдардың негізінде жасалғандықтан, бұндай “персонаждардың” субъективтік емес, объективтік сипаты басым боп отырады. Біз үшін ең маңыздысы Абай арнауларындағы кейіпкер мінездерінің бірде дараланып, бірде жинақталып жасалғанымен олардың толығынан ұлттық мінезге сәйкес келуі болып табылады. Дәл осындай кейіпкерлерді бүтінгі қазақтар өмірінен де алып жасауға, өлеңге ендіруге әбден болар еді. Бұл дегеніміз – ұлттық мінездің әсіресе мәленкәлі тұттарының тез арада өзгеруінің қиындығына дәлел. “Бір сен емес жазғаным – жалпақ жұрт қой” – деп өзі айтқандай “Абай бұл шығармаларында кейіпкерлерінің тысы мен ішкі ақтара көрсету арқылы бүкіл заман шындығын шебер суреттейді, біздің емес, көптің жинақты бейнесін жасайды.

Абай арнауларының бітім – болмысы, өлеңдегі өмірі, тәлім – тәрбиелік маңызы, эстетикалық әсер – қуаты, көркемдік, мазмұндық, үлшіндік ерекшеліктері қамыған елдер әдебиетінің көз келген үлгісінен қам түспейтін күйде қазақ поэзиясының тарихынан мәңгілік орнын тапқанын тағы да қайталап айтамыз. Абай арнауларының, олардағы типтік бейнелердің яки

литерикалық “персонаждардың” ең басты қасиеті шынайы реализм туындылары болуында, ал шынайылыққа суарылмаған реалистік туындылар - әр уақытта ұлттық, ұлттық сипатының тереңдігімен, молдығымен ерекшеленеді. Абай өлеңдерінің асылдығы, керемет көркемдігі, қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзат игілігіне айналған құндылығы басқа сипат, белгілері мен бірге оның арнауларындағы кейіпкерлері арқылы да дәлелденеді.

Шәріпке.

Түңсікбайдың қатыны атың – Шәріп,
 Байға жарып көрмеген сен бір кәріп.
 Сен – шыққан жол үстінде жалғыз тұтшық,
 Көрінген иг кетеді бір – бір сарып. (1870)

Бұл бір ауыз өлең ең алғаш ақынның 1933 жылғы жинарында басылған.

“Шәріп – Түңсікбай дегеннің қатыны. Түңсікбай Абай ауылдарының көршісі болған” (Түсініктемеден)

Абыралыға.

Мен жасымнан көп көрдім
 Мұсылманды, кәпірді.
 Абыралыдай көрмедім
 Намаз білмес пақырды

Өзінің замандасы Абыралы (1839 – 1920) дейтін адамның намаз оқығанда, құран атын түсіпбей, қара дүрсінге салып, бүткіріп оқитын надандығын ажуа етіп жазған. Өлеңнің алғы ұзағырақ болса керек. Толық нұсқасы ешкімнің есінде қалмаған.

Жақсылыққа (1880)

Аяғыңды аңдап бас, ей Жақсылық!
 Өз басыңда жының бар бір бақсылық.
 Борышқорлық – адамға қиын нәрсе,

Әрқайда өсімізеді мал тапшылық.

“Өлеңнің айтылған реті: 1880 жылы Абай Қызыр Көкше деген елге назначенге, атап сайлаумен болыс болғанда, мырза деген тапшың жақсылық деген кісі: “Борышымды елге бөліп салып, мені құрқар” – депті. Борышты болғанда, өзінің жарамсыз қылығынан борыштанса керек. Сонда Абай айтып еді деп. Көкбай марқұмның жасаған өлеңінің ішінде жазыпты”, - делінген.

Өлеңнің бастапқы жолы жинақтарда:

Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық, - деп басылып келеді.

Дұрысы:

Аяғыңды аңдап бас, ей Жақсылық, - деп білеміз.

Абай бұл арада: Жақсылықтың орынсыз талап етіп, аңдамай сөйлегенін айтып отыр. “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі” дегеннің мысалы сияқты.

Көкбайға (1836)

Сорлы Көкбай жылайды,

Жылайды да жырлайды.

Оп жыламай қайтып тұрады,

Мынау азған қу заман

Қолыбында тұрмайды.

Біреу малды ұрлайды,

Біреу басты көрлейды,

... болмаған соң

Жылауына зорлайды.

Өлеңді сақтап жеткізген – Көкбай және осы өлең туралы Көкбай:

“Сорлы Көкбай жылайды” дегенді мен қылып қойып, (Абай) өзін айтып еді, - дейді.

“Көжекбайға” (1886)

Жамағайдың баласы Көжек деген,

Әркімге өсектасып безектеген,
 Досын келіп досына жамандайды,
 Шіркінде өс болсайшы сездед деген.

Көжекбайға арнап Абайдың өлең жазу себебін Тұрағұл баяндап берген.
 “... Көжекбайдың әкесі Жамантай, - дейді Тұрағұл, - үлкен шешемізді өкіл қыз еткен екен. Туысқандары жерге таласып, Жамантайды өлтіргенде, Қажы (Құнанбай) құнын келістіріп алып беріп, әкеден жас қалған Көжекбай, Тезекбай, Мақаш деген үш баласын өз баласындай көріп еркелетіп, қанаттыға қақтырмай өсірген екен. Сол Көжекбай біздің ел бұзылғанда жеткен жақты жақтайтын мінезбен, Құнанбай балаларының жауы жағына шығып, болыс болған Құнстуден құда болған Біздің жау ағайыншымыз Жігітөз табындағы Базаралы деген кісі, бізден кетіп, өздеріне еріп жүргенде, Балпай деп Көжекбайды бекетті: “Кімнің жүгі биік болса, оған қарғып шығатын мысық келді, енеңді ұрайын”, - деп

Оның үстіне сол Көжекбай, 1885 жылы Құнанбай өлгенде: Қажының басқа балалары жабдық әкелмеді, болыспады”, - деп Абайға оның бауырларын шағыстырмақ болған. “Көжекбайға” деген өлеңнің айтылу себебі осы айтылғандар.

“Бөтен елде бар болса, ежеттесің, сыйласың” (1887) - Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 – бөлік. Халық туралы, 16-18 беттер). 1933 жылғы “толық жинақтан” бастап, “Көжекбайға” деп аталып келеді. Оған себеп: “Сабырсыз, арыс, еріншек” жазып болып оқып бергенде, Абайдың қасында болып, атын ертпей беріп жүретін жолдасы, Қарасақау деген (шын аты Құсайын) “Көжекбай қалшы ғой”, деген екен. Сол сөз қалшы болып, “Бөтен елде бар болса” деген өлеңін Көжекбайға арнапты, - дейді Тұрағұл берген мәліматта.

Бұл өлеңді Мұртар Әуезов талдай келіп: “Ел ішіндегі ақалінер, бүліктің атын “Көжекбай” деп атап тұрып, соның бар мінезін, іс - әрекет,

қылып – құбылысындағы бейнесін сипаттап” бергеніне назар аударады. Ақын бір Көжекбай емес, көп Көжекбайдың психологиясынан жиынтық бейне жасаған.

Осы өлеңнің ішінде Абайдың кейінгі әдебиетке және халық даналығына афоризм есебінде қосылып кеткен қанатты ақыл, нақыл, сыншылық сөздері бар. “Күн жауғанда мойыңыңда, күн ашықта мойысыңда” “Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ”, “Ел бүлігі тобықты, көп пысыққа мольдыты”, - деген мәтел есепті жолдар осы өлеңнен табылады.

Көжекбайлардың көмектесі, жемтіктесі кімдер екенін де осында ашып береді:

Орыс сөз қыштырса,

Болыс елін қармайды.

Кү старшың, ақбиілер,

Аз жүрегің жалғайды, - дегенде Көжекбайлардың тамыры мен тегі қайда жатқанын танытады. Сөйтіп пәле басы әкімшілік құрылыста, ұйымдық жаманшылықта екенін ашады.

Өлеңнің 1977 жылғы жинақта қате басылып кеткен кейбір сөздері 1909 жылғы жинақ бойынша түзетілді. Мысалы, өлеңнің ең соңғы жолдарындағы екі сөз:

... Сенімсіз болды алашқа,

... Әлі күнге уайым

Қысқан жан жоқ ұлпмай, - деп қате басылған

Дұрысы:

... Сыйымсыз болды алашқа,

... Әлі күнге уайым

Қысқан жан жоқ ұлпмай.

“Күлембайға” (1888)

Уағалайкүмүссәләм,

Болыс, мал – жанаман ба?

Мынадайға көз болдың

Аума - тайпа заманда.

Өлең Тұрағұлдың аузынан алынған. Өлеңнің айтылу тарихы: “Күлембай деген кісі дәулетінің арқасында болыс болып, 1988 жылғы Шербушайнай сөздегі түрік көріп айтқаны”, - дейді Тұрағұл.

“Көкбайға” (1838)

Бұралып тұрып,

Буыны құрып,

Қисайта тартып мұрынның,

Әсемсіп, сәксіп,

Білгенсіп, бөлсіп,

Әр нәрсенің орынның.

Көренәу, көрдең, бір көрім,

Жақтайды маған сол жерің.

Өлеңді Көкбайдың өзі айтып берген. Өлеңнің жазылу тарихы туралы өзінің Абай туралы естелік әңгімесінде (1924) Көкбай: “Бойын бағып қыптырышып, “төлен көрінем, түгілен көрінем” деп қолдан ішіп жасайтын мінезді көре бастаса, қыптығына тигендей жақтырмай қалатын. Ондайды көкөтіп, мысқып қыптып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңнің көбі маңайындағы жұрттың осындай мінездерінен туады. Бір күні осындайдың тұғында, өзімді де өлең қыпты. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолына бір табақ қығаз бен қарындашты алып, жазып жатыр екен “Не қыпса да, өзімді өлең қыптып жатыр – ау” - деп, ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

Бұралып тұрып,

Буыны кұрып,
 Қисайта тартып мұрынның,
 Әсемсің, сәксің,
 Білгенсің, белсің,
 Әр нәрсенің орынның,
 Керекің, керекің бір керім,

Жақпайды маған сол жерің! – деп өзімді өлең етіп қойыпты. Соған соң жалынып отырып сұрақ алдым да, көзіңше жыртып тастадым. Өлеңім өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалған осы еді” – дейді.

“Күлембайға” (1889)

“Болыс болдым мінеки”.

Осы өлең 1889 жылы “Дала уәлаяты” газетінің 12-санында жарияланған. Өлеңте “1888 – інші жылда, май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы менен Жетісу облысының шербушайнай сиез болғанда бір ояқтың ел билеушілерінің түрі”, - деп түсінік берген. Өлеңнің авторы аталмаған. Өлең көп қысқартылып өткір сөздері мұқалып, өзгертіліп, идеялық мазмұны бұрмаланып басылған.

Өлеңде ақын ең алдымен болыстың өзін сөйлетіп, оның жігерлілігі, жексұрын қылықтарын өз аузымен айтқызады. “Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап” деп алып, оңбаған сұрқия болыс өзін - өзі әшкерелей бастады. Ол өзінің өтірікшілігін, жалтақтығын, қорқақтығын, екі жүзділігін өз аузымен айтып, ашып береді. Шек – шектенге сатылған азғын, мансапкер болыс атаулының беріне тән, масқара айтысу – Абайдың жаңадан тапқан өте ұтымды, шебер әдісі.

Өлеңнің үшінші жолы мөлжазбалар мен барлық ескі басылымдарда “Түйеде қол, атта май”, - болп басылып келген 1933 жылғы жинақта Ілияс

Жансүгіров “Түйеде қол, атта жал” етіп өзгерткен. Оны мақала жазып дәлелдеуге тырысқан. Өлең жолы алғашқы нұсқа бойынша берілді.

“Өсетке” (1889)

Біреуден біреу артыпса,
 Өнер өлшеніп тартыпса,
 Оқыған, білген, білген – ақ,
 Надан, надан – ақ сан қыпса.

Белгілі ақын, әнші Абай тәжіригінде болған талантты әнші, сазгер ақындардың бірі. Турашып Абай оның кейбір кінәшілі, теріс мінездерін ұнатпай, Көкбайды сынаған секілді, оған да өлең шығарған.

“Күйісбайға” (1896)

Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға,
 Бермек болған айғырдың көзі қайда?
 Көзді көрсен – бересің, тайсаң – танып,
 Алдамшы атанғанның несі пайда?

Күйісбайдың туысқаны Серікбай деген кісі Көтібах Әбілқайырдың бір айғырын ұрлайды. Абай Күйісбайға сол айғырды тапқызып бер десе, орындай қоймапты. Айғырды бермей сөзбұйдаға сала берген соң айтқан екен. “Күйісбай бұдан соң айғырды таптырып берген” - делінген

“Дүйсенқұлға” (1896)

Саудайы – ай, сауды алмадың дау, сырқауды алып,
 Бір пәлеге жолықтың сырқау барып.
 Ала жаздай мегалды бір көрмедің,
 Сары жұртқа қолдың ба ірге аударып?

Бұл бір ауыл өлеңі де “Мырзақұлға” - деп аталып, жылпы белгісіз өлеңдер қатарында басылған. 1939 жылғы жинақта да жылпы белгісіз өлеңдер қатарында “Дүйсенқұлға” – деген атпен басылған. Өлеңге берілген түсінікте: “Саудайы – ай, сауды алмадың - ау” деген өлеңді бұдан бұрынғы бастада,

“Мырзақұлға” деп басып едік. Дәліңде ол Мырзақұл емес, соның ағасы Дүйсенқұлға арналған екен.

Бұл Абайдың Жақып деген ағайынның күйеуден қайтып келіп отырған ауру қызын алса керек. Өзі бұрын қатын тастағышы болса керек. Және қатын тастағанда қыз алмай, үлкен байсыз отырған қатынды алады екен. Сондай жайларына мысалы етіп айтқаны - дәліңген.

“Разаққа” (1896)

Мынау үйде отыр Разақ,

Елдің жөнін айтар ма,

Шақырып алып сұрасақ.

Үлкен қожа – ортан қол,

Өзгелері - аты жоқпенен шынашақ.

Сонда Абайдың немересі Әубәкір: - Омархан ағам ше? – дегенде:

Оны дағы бағқармыз,

Біраз ғана сынасақ.

1939 жылғы жинақта: Мынау үйде отыр Разақ деген өлеңді Разақ деген жігітке айтқан. Бұл Абайдың аймағындағы қожалар ауыспының жігіті. Ол бір жылы Абай ауысына келіп, Абайдың өз үйіне бармай, өз құрбысы Әубәкірдікіне (Әубәкір – Ақылбайдың баласы, Абайдың немересі) қонақ болып отырады.

Сонда айтқан “Үлкен қожа - Әуез”, - деп түсінік берілген.

“Ғабидолпаға” (1897)

Жазғытұрым қыптіңей бір жауқазық

Қайдан білсін өмірдің көбін – азық.

Бәйтеректі күндейді жетемін деп,

Жылы күште мас болып, көрсе жазым.

Күз келген соң тамырын үсік шалып,

Бетегеге жете алмай болар жазым

Мен дағы көп есіткім жастың назың,
 Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
 “Боламын сен” жүргенде болат қайтып,
 Жалпын сөніп, жас жүзін басады аяғым.

Бұл өлеңді өз ауылындағы татар Ғабитхановтың баласы Ғабидолла деген жігітке айтқан. Ол бір уақыт сауда істеп, мал тапқансына мастанып, білгіш, кісімсін, қалай болса солай шалқып, сөз таластыра береді екен.

Асып – тасып алған кезінде: - Абай, Абай дейсіндер, осы Абайтарың кім есі, - депті. Соны естіген соң, ызадан туған өлеңі. Сол кезде астамшылық сөзін естіп отырған Абайдың он алты жастағы немересі Әубәкір (Ақылбайдың баласы) қолма – қол суырып салып,

Ғабидоллаға:

Ит ыпықса, болса тоқ
 Танымайды несің
 Борбайынды көтеріп,
 Әр Бүтәға енесің
 Екі ені бар айғыр да
 Танғды ғой биесің.
 Тыныш жатқан кісіге
 Өзің келіп төнесің, - депті.

“Ғабидоллаға” – деген өлең тұңғыш рет “Абай термесі” жинағында басылыпты. Өлеңнің бастапқы шумағының бесінші жолы Абай термесінде:

Күз жеткен соң тамырын үтік шалып, - деп басылған.

“Дүтбайға” (1899)

Жылуы жоқ бойының,
 Жылың аның неткені?
 Құбылуы ойының -

Кетпей күйің еткені.

“Жылуың жоқ бойыңың жыпмығаны не еткені?” – дегенді мұжыр болысындағы өзінің жақын досы Дұтбайға айтқан. Бұл болыс мұжырдағы Көкшенің басты адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген әйел баласын, өз күйеуі (Дұтбайдың інісі) өлген соң осы жасы Дұтбай алып, Абайға күйеу де болған. Бірақ дос жақын болса да мінездерін ұнатпағандықтан, осылайша өлең қылған”, - деген.

Осы кішкене өлеңнің өзінен де ақынның мінездеуге ұсталығы айқын көрінеді, яғни адамның ішкі сыр – сыйпаты өте ашық айқын етіп көрінеді. Бұл өлеңді оқығанда аңғарылатын бір жайт - көлемі шағын қысқа өлеңдердің ішінде өзінің лирикалық қаһарманын нағыз жеке сұрып адамдар бейнесінде көзге елестете білуінде.

“Дұтбайға” – деген өлеңінде осындай шумақтар кездеседі және Абай кейіпкеріне пішінді кигізеді және қайта – қайта ауыстырып кигізеді. Аяқ, крбың, арам адамның, екі жүзді адамның қылығын шындығын мен сұмдығын осы тәсіл арқылы керемет айқын жеткізіп берген. Оның кейіпкерінде тұрақтылық, дәлірек айтқанда баяндылық пен адалдық жоқ. Ол небір құматтыққа киім ауыстырып кеткендей, ол – оңай қиналмай – ақ барады. Мұнда ақын портреттік сипаттау мен психологиялық сипаттауды өте шебер ұластырған.

Туындының көркемдік болмысын түсініп талдаудың бір үлгісі осындай.

Абай поэзиясындағы арнау өлеңдердің көбісі сатиралық арнау өлеңдер (8247.)

1891 – 1892 жылдар Абай үшін қаралы жыл болды. Ол Қапан сияқты Абайдың жақсы көрген інісі өлген жыл.

1892 жылғы Оспанды жоқтаған өлеңдерінде жаңағы аталан ескі түрлер көрініп отырса да, сол жоқтаушының өзі қандай жан екенің Абай шығармаларынан аңғармасқа болмайды. Жарадар ағаның жан күйер інісін жоқтағаныңда “Бай едің”, “Бағлан едің” деген емес, “адам едің”, “адамдық қадірің басқадан бөлек еді” деген ой әсіресе басылдап отырады.

“Оспанға” (1892)

Жайнаған туың жығыпмай,
 Жасқанып жаудан тығыпмай,
 Жасаулы жаудан бұрыпмай,
 Жау жүрек, Жомарт құбыпмай,
 Жақсы өмірің бұзыпмай,
 Жас қуатың тозыпмай,
 Жалын жүрек суынбай,
 Жан біткеннен тұлпмай,
 Жарадай жайлау дәулетің
 Жасып шебі құармай,
 Жарқырап жатқан өзенің,
 Жайдақ таттыт суалмай,
 Жайдары жүзің жабыпмай,
 Жайдақтап қашып сабыпмай,
 Жан біткенге жалынбай,
 Жақсы өліпсің, ятырмай!

Бұл өлеңді інісі Оспан қайтыс болғанда жазған. Жақсы көретін інісін жоқтауға арнаған өлеңі жаңа бір көркемдік түрде жазылған. Жақсы інісінің өліміне қайғырмай отырған жоқ, керісінше оның ет – жүрегін қайғышылар езіп, мендеп бара жатты.

Жоқтау жырында Оспанның адамдық қадір – қасиетін: ақ жарқын мінезін, адал азаматтығын, ерекше ерлігін, қайтпас қайрағын, жомарттығын

сипаттайды. Тіршілігінде еш нәрседен беті қайтпай, жаптанбай, жабырқалмай жаныңдап өткен жас өмірін сүйсіне суреттей келіп:

Жан біткенге жапынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай! – дейді.

Өлең едел – жедел екпіндеп келіп отыратын бір ұйқас үйлесімімен жазылған, аллитерация тәсілі аша шебер қолданылған. Ерекше көркем, бас – аяғы он алты – ақ жол, шағын өлеңмен ардагер азаматтың алып тұлғасын сымбаттап берген.

Туған інісіне, зор сүйенішіне “Жақсы өліпсің” деп айту Абайдан басқа пәнденің қолынан келмейтіні танымқ болып қала береді.

“Кешегі Оспан, бір бөлек жан” (1892)

Бұл Оспан қайтыс болған да жазылған екінші өлеңі. Өлең жаңа көркемдік түрмен жазылған. Өлеңтің әр шумағы алты жолдан қайырылып отырады.

Өлеңтің төртінші шумағының үшінші жолы “...Жеке тартқан кетті гүл” деп басылып келеді. Осы жолдағы “гүл” деген сөз өлеңтің мазмұнына қысыпайды және өлең ұйқасына келіңдіремейді. Сондықтан “гүл” сөзінің орнына “ер” деген сөзді қолданып, өлең шумағын тұтас оқып көрсек, өлең дұрыс қалпына келеді деп сенеміз:

Ел тамағың,
Жұрт азабың
Жеке тартқан кетті ер.
Сондай ерді-
“Ала берді”
Табар енді біздің ел!

“Бойы бұлғаң сөзі жылмаң” (1893)

Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған. Бұл өлеңінде ел ішіндегі еңбек етпейтін, ел көзіп жүретін, құнсыз, желбуаз құларды ажуалап шенейді.

Өлең “Кешегі Оспан” өлеңінің үлгісімен жазылған.

“Кешегі Оспан ағасы (1895)

Бұл өлеңінде де Әбдірахманның қайғысына толғанып, Әбдірахман Оспанды есіне алады да: “Оны да алған бұл өлім, сабырлық қылсаң керекті”, - деп өзіне жұбатады. Оспанның бойындағы әділдік, бір белгілік, мырзалық, досқа мейірімділік, жауға-мейірімсіздік сияқты мінез-құлқық қасиеттерінің бәрін үш ауыз өлең жолына сыйғызып, жоқтау өлеңмен беріп тұр.

Әбдірахман (Әбіш) (1868-1895) - ақынның Ділдәдан туған екінші баласы. Абай әуелден үміттеніп, оны ерекше жақсы көрген. Жасында Әбдірахман Семей қаласындағы орыс мектебінде оқиды. Түмендегі реальное училищені бітіреді де, Петербурттағы технология институтына түспек болып жүреді. Бірақ оқудың басталар уақытынан кешігіп қалғандықтан, түсе алмайды да, сондағы Михайлов артиллерия училищесінде оқып бітіріп шығады. Осыдан кейін Әскери артиллерия академиясына түсуге бақылып жүргенде, сырқатқа шалдығады. Сол аурудан ақыры 1895 жылы 1 қаңтар күні Алматы қаласында қайтыс болады. Абай Әбдірахманға арнап бірнеше өлең жазған.

Бұл Баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені, артында қалған әжесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында “етек басты көріп” талпынған, бітім, мәдениет өзіне алыс болғанда, Абайдың аңсап, іздеп, көп күткені сол баласының келешегі еді. Шынымен көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп зарды шығарады.

Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері, Оспан өліміне айтқаннан да зарлы, қиырлі сөздер болады. Бұл өлімде, осы кездегі барлық басқа өлеңдеріне қайғы мен өкініштің, қалың арманның ұятын жайғандай болады. Әбдірахман жайпы оң үш өлең бар.

“Әбдірахман науқастанып жатқанда” (1894)

Я, құдай, бере гөр,

Тілеген тілекті
Қорқытпай орыңдыр
Шошпағар жүректі
Шын жүрек елжіреп,
Алпадан тілеймін
Шын қалқам осы күн
Болып тұр керекті.
Жүрегім суықдал,
Сүйегім шымырлап,
Алпадан тілеймін
Құттық сыбырлап.
Зар етсе пандесі,
Бермей ме алпасты.
Тән саулық қалқам,
Қабыл бол мез жасы.

Бұл өлеңелден аулақ шетте қатты ауырып жатқан баласына мейірбан әженің өлеңмен жолдаған сәйіншілгі сәлем жаты.

1894 жыл ақын өмірінің аса бір ауыр кезеңі болады. Болашағынан үткен үміт еткен және сол күткен үмітін ақтайтынына мезін жеткізген шағында, сүйікті баласы Әбдірахман ұзақ ауруға душар болып, төсек тартып алыста – Алматыда жатады. Әбсәмет дейтін әженің үйінде жатады.

Осындай ауыр қайтаса ұшырап дерттенген әженің қасіретін, тұңғыш, мұңға батқан күйіншілгі кеніл күйін осы өлеңнен айқын көреміз.

Өзі шексіз сөйген, бір Аллаға сыйынып, тілек тілеуден басқа амалы жоқ ақын шеріп жырын:

Я құдай, бере мәр,
Тілеген тілекті,- деп бастайды.

Екі аяқ не қыпты.

Басқаша ауырып, - деп дұрыс басылған. Бұл арада

Әбдірахманның екі аяғының ауыратынын айтады.

Әке жүрегінің суығы, күйзелісі, үрейі, тілеуі, үміті суреттелген, “Бір суып, бір ысыған” әкенің жан азабы, қайғысы, көңіл-күйі өте шеберліктен өрнектелген.

Екі ай-ақ (?!) не қылып ... - деп, мүлдем бұрмаланып басылған, “аяқ” деген сөз,” ай” боп кеткен.

Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы, 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

Жаралап ауыз ашты, деп дұрыс басыпмай келе жатыр. Бұл арада “жаралап” деп қате басылған сөзді “жарылып” деп түзетіп оқысақ өлең мазмұнын дұрысталады. Олай дейтініміз: бір аяғындағы жараның жарылып, аузың ашылып, жазылып келе жатқаны айтылып өлең. Осылай түзетіп, өлең шумағын тұтас оқып көрейік:

Жарылып ауыз ашты,

Жарасы жарасты.

Жарасыз біреуі

Непіктен ұйқы ашты ?

Бұл шумақтың түсінетініміз : Әбдірахманның бір аяғына жара шыққан, ол жара жарылып, бігіп (жазылып) келеді. Ал, екінші аяғы, жара шықпаса да (“жарасыз біреуі”) ауырып мазасын алып, ұйықтап жатыпты екен. Әбдірахманның науқасының жайын Абайға жет арасыны хабарлап, білдіріп отырған Мәғауия болытын. Әбдірахман ауыр науқасқа дұшар болған соң, әжесіне хат жазып: “Мәғауияны жіберіңіз” деген. Мәғауия Алматыға келіп, науқас әжесін күтіп, қайғық болған әңгілейін қасында болған.

Абайдың өлең – жатындағы сөздердің көбі Мәғауияға арналып айтылған.

“Әбдірахманға” (1894)

Алпанның размаатын
 Жар тұғып әр деге,
 Әр разман әл атын
 Үйренкен жұрпеге.
 Дұғаның құжатын
 Жібірме еңгеге,
 Әбіштің сыйсақатын
 Берсіңсен көудеге.

Бұл да Әбдіраманға арналған өлең. Өлеңде сүйсікті баласының тілегін тілеп, Алпаға сыйсынып жалбарына аңдаудың ұғым-нағымдары, мұсылманшылықтың діңкілдерінің өз тілін өзгертпей, қолдана отырып толғанады.

“Әбдіраман”, “Жар тұгу”, “дұғаның құжаты” сияқты сөздіктер өлеңнің мазмұнымен қабылданған ұғымдар болып келеді.

“Әбдіраман өлеңде (1895) (“Арғы атасы қажы еді”). Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта “Құнанбайға Әбдіраман өлеңде” деген тақырыппен басылған. Ұзақ уақыт ауырып жатқан Әбдіраман 1895 жылы қарашада, Алматы қаласында қайтыс болады. Ардақты баласы Әбіштің өлімі, жан күйер інісі Оспанның өлімінен де ауыр, тәңі бір қалың қайғыға батырды. Орны толмас қазаға езегі ертеңіп дерттенген, мейірбан әкенің зар-шар жырларын тұғызады.

Әбіш қазасына арналған осы алғашқы өлеңі жоқтау сарысында жазылған. Өзінің “қайғы келсе қарсы тұр, құдай борла” дейтін жемдасы бойынша жазылған. “Арғы атасы қажы еді”, деп бастап, өз әкесі Құнанбайдың барлық жақсы қадір-қасиетін сыпайтай келіп:

олар да тірі қала алмасок,
 Тірлік арты әлшек-ті.

Сабырлық қылсақ керек-ті, деп ауыр қайғыны ақшаға жекізіп, өзін өзі жұбаттып, дертіне дәрмен тапқандай болады.

Өлеңнің бастапқы әкімші жолы 1977 жылғы жинақта: Арғы атасы қажы еді,

Бейістен татқан (?) шербатты, деп басылған. Абай өлеңдерінің көбін, соның ішінде дәл осы өлеңін ертедегі жатқа білетін.

“Бейістен татқан” деп қазге басылып кеткен, дұрысы: “Бейістен татқан шербатты” болады.

“Әбдіразман өлгенде”(1895) (Тұл бойың ұяғ, әр еді). Өлеңінде Әбдіразманның өз басына ғана тән ерекше жақсы қасиеттерін шебер суреттейді. Адамгершілігі зор, өнерлі, оқынды, терең ойлы баласының өмірден ерте кеткеніне қатты тебіренеді. Ол көп білді, көп көрді. Абай баласының сол ғибратты өмірінен жоғарыдағыдай терең түйін жас айды.

Замана кеткен тәр едің, Сол қалқамды қоймаған-деп өкінішті мұңын шертіп толғанады.

“Әбдіразман өліміне”(1895)

Жырыма жеті жасында,
Әбдіразман көз жұмды.

Бұл жоқтау өлеңінде Әбдіразманның өмірі, оның бойындағы таудай талап, өнер-білім және зор мағынадағы адамгершілік қасиеттер толығырақ баяндалып жырланады.

Өзін “өскінің арты” ретінде бағалап, Әбдіразманды “Жаңа жылдың басшысы” болатын жас еді деп, өкінішті ашы арманын айтып тебіренеді. Алдыңғы жолдағы жырыма жеті жасында деген сөздердің біреуін де қозғай алмайсыз, себебі ол Әбдіразманның нақты жасы. Ал көз жұмды деген тіркес орнына басқа бір тіркес алуға болмайды. Жырыма жеті жасында деген сөздермен үндесіп, ақынның жан азасын білдіріп тұр. Абай көргені мен білгені, жүзге келген шалдың көп Әбдіразман секілді жан өлгенде емес, ол тек көз жұмды, оның артында көпке өмірге болар үлгісі, жазған жаты қалды деп отыр. Ой, сезім бүркырап, сурет сараланып тұр. Түйін қандай дерлік. Жас санаткер Әбдіразманнан айрылған көз аямастары “көзге қамшы түскендей” шыр айылады.

“Әбдіразман өліміне “ (1895). (“Талаптың мініп тұлпарын, Тас қыжа өрледің”).

Бұл жөнінде, бұдан бұрынғы жоқтау жырларында айтылмаған Әбілтің жақсы

қасиеттерін қастерлеп сыйпаттай келіп : “Ел ішіне сау келсең”, “Тағдырым айтағын ер едің”, “Малыңа көл көрсетіп барып өлмедің” деп арман етеді.

“Кешегі өткен ер Әбіл” (1895).

Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған.

Бұл өлеңінде енді Әбілдің өз басының адамдық қасиетін: ғылымға зеректігін, мейірімділігін, боямасыз ақ көңілін, адал азаматтығын сыйпаттай келіп, ақырында :

“өлімнен жасқаб ай” көксем ружаны ерлігін атап айтып:

Тағдырға тәбділ бола ма,

Сабырлық қылсақ керекті, - деп тағы да өзін өзі жұбатыумен тынады.

“Әбдіраманға” (1895). (Орындарды айтыған “). Өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта басылған.

Әбдіраманның бойындағы нағыз адамгершілік қасиеттер өзі үміт еткен қазақтың жас ұрпағына үлгі-өнеге болады деп білген.

Сондықтан әр кезде Әбілге арнап жазған өлең-жырлары аз болмаған.

Сондай шығармаларынан сақталғандардың бірі – осы өлеңі. Бұл өлеңінде Әбілдің туралышылығын, кішіпейілдігін, бауырмалдығын, тағы басқа жақсы мінездерін суреттейді. Және жас шағынан орысша оқып білім алып, көп уақыт орыс ортасында болса да, өзінің ұлттық қасиетін, дінін таза сақтаған адамшылығын атап айтады.

“Әбдіраман өлген соң өзіне айтыған жұбатыуы” (1895). “Бермеген құлға қайтесің”

.-Бұл өлең де алғаш рет 1939 жылғы жинақта, жыпы белгісіз өлеңдер ретінде басылған. Бұл өзін жұбатыу өлеңінде:

Өмірін берген Құдайым

Ажалын да беріпті, - деп Құдайдың жіберген ажалына амал жоқтығын мойындап, тәубеге келеді.

Әбілдің алдында дүниеден өткен інісін еске алып, оның адамгершілік қасиеттерін Ақпайғон, Соқрат, Жазірет Ғали сияқты тарихтағы ұлы адамдармен салыстыра келіп :

Останды алған бұл өлім,

Тәубе қыпсақ керекті, - дейді. Сол сияқты әкесін де еске алып:

“Ескендір, Төлір, Шығғыстай,

Мұсылманға аяқты”, - деп қастерлеп баялай келіп:

Қажыны алған бұл өлім,

Сабыр қыпсақ керекті, - деп -, тәубеге келеді.

“Әбдірақманның әйелі Мәғишқа Абайдың айыған жұбатығы” (1895). - Өлең бірінші рет 1939 жылғы жинақта жарияланған. Әбдірақман сияқты асып жарыған айырылған жас келіні Мәғиштың (шын аты Мәғирифа) ауыр қайғыны көтере алмай, Құдайдан өлім тілеп өскіген, аса аяншыты жалі Абайға қатты бағады. Алулы келін баласына тоқтау айтып ауыр қайғысын аз да болса жерілдетпек болып, ұзақ өлең жазып, сабырлық етуін тілеп, ақысын айтып:

Жылама, Мәғиш, жылама,

Алладан өлім тілем!

Қолдан ұлқын ақ сүңсәр

Қайға келіп қонбайды, - дейді.

“Әбдірақманның әйелі Мәғишқа Абай шығарып берген жоқтау (1895). - Бұл ұзақ жоқтау өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған.

Абай қайғылы келініне тоқтау айтып, өлең жазса да, өзіне жоқтау өлең шығарып беріп, жұбатпақ болса да, Мәғиш қалың қайғыдан айыға алмайды.

Сөйтіп, Абайдың Әбдірақманды жоқтаған жырлары, өз басының ғана қайғысы болып қалмай, жалпы қоғамдық қайғыға айналып отырады.

Қорытынды

Абай – қазақ халқының тарихи көшпін ілгері бастауда, ой-пікірлерінің шеңберін кеңейтуде, ұлттық мәдениетін көтеруде ерен еңбек сіңірген ұлттық болмысымызға дара біткен жарық жұлдыз. Абай тәрлімі оның даналығында, Абай даналығы оның данышпандық ойлары мен парасатты сөздерінде, Абай парасаттылығы оның ағартушылық ой түйіндерінде, ал ұстаздық ойларының асқар белесі ел тәрбиесінде деп білемін.

Әсіресе қазақ поэзиясы тілін жаңа кезеңге көтеруде Абайдай қызмет еткен өзге есімді атау мүмкін емес. Ақын кейде мысқып, кейде кекесін түрде өзінің суреттел отырған өмір құбылыстарына көзқарасын білдіреді. Ел үшін, жұрт үшін зиянды деп түсінген іс-әрекеттер ақынды қатты ашыңдырады. (12.28.)

Ақын кез-келген қазаны, қайғы-апатты трагизм деп санамай, шын мәніндегі трагизмді жігерлі үмітпен, оптимизммен байланыстырған.

Көп адам дүниеге бой алдырған

Бой алдырды, алғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? – деп Абай артына өлмес рухани мұра қалдырған адам биологиялық өлімге ұшырағанымен, ол дүниеден біржола кетпейді деген тұжырым жасайды. Жақсы көретін інісі

Оспанның өліміне арнаған өлеңдерінен де ақынның өлім біткенге трагедия деп қарамағанын, оның өлімінде де өмір барлығын көңіліне жұбанғыш еткенін көреміз.

Әбіштің қыршың өлімі қаншама қайғылы, аяншыты болғанымен Абай өз көңілін өзі демейді, орынсыз жылап көз жасын көп етпеді. Өз қайғысын жоқтау өлеңі арқылы білдірді.

Бірақ осы трагедиялық құбылыстың өзінен жағымды, мәнді, жылт еткен үміт-сәулені, жаңа өркенді көре білді. Баласының дүниеден жалт етіп босқа өтпегенін, аз да болса, артына жақсы жолын қалдырып кеткенін, ең бастысы осы жарық дүниеден өзін адам деген жоғары атаққа лайықты ұстап өткенін еске алып, Абай осыны өзіне жұбанғыш етті.

Әбіш трагедиясының өзінен ақын құбылыстың сыртқы қайғылы мәлім таңумен ғана шектелмей, оның ішкі мәніне үңіліп, дұрыс қорытынды жасай білді. Мұнысы өміне тіршілікте демеу болды Абайдың трагизмді бейнелеген өлеңдері Оспан мен Әбіштің өліміне арнаған жоқтау-жырларымен ғана шектелмейді. Абайдың көптеген шығармаларының ішкі мазмұнынан трагедиялық сарын байқалады. Бұл сарын ақынның бүкіл қазақ халқының басына түскен зіл-ауырталықты көре біліп, соған жаны егіле, азап шегіп, қатты күйзелуден туғандығын дәлелдейді. Халық басындағы ауыр қайғыны жеке адамдар, нақты құбылыстар арқылы суреттеп отырды. “Көжекбайға”, “Күлембайға” т.б. өлеңдерінде қиыншылық жағдайлардан гөрі үңіле оқыған адамға трагизм басым жатыр. Абай адам бойындағы кемшіліктерді бірде жыпы юмормен, бірде отты сатирамен түйрей отырып, олардың қайғышы күйіне, мүшкіл болған халіне, бейшара қалпына іштей алысып білдіріп күрсінеді.

Ұлы Абайдың кейінгі ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы да өз халқына қызмет етіп келеді. Абай мұрасы бүгінгі және келешек ұрпақ үшін өз мәні мен маңызын ешқашан жоғалтпақ емес (8.296)

Абай поэзиясының сұлулығынан бойымызға нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жаңды жас ұрпақ тәрбиелеу – Адамн да, ұстаздық та борышымыз. Әр ұрпақтың әр ұстазы ұлы ақын мұрасын оқыту жайында іздене береді, оған шүбә жоқ, әр ұрпақ өз Абайын табар, өз Абайын тиімді оқыту жолынан табысқа жетер, ыпайым солай болғай-да! Себебі ұлы Абай халқымен бірге жасап, әр ұрпақтың көз көргеніндей, замандасындай жан дүниесі, жүрегінде өмір сүрер !

Абай шыққан бәрік өз заманындағы қазақ халқы үшін бәрік шығар – күзбен тең.

Ұлы ақынның ұлағатты сөздері ұлттық рухани қазынамыздың кәусар бұлағындай болашаққа жалғасады. (12.96).

Әдебиет тізімі

1. Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он бесінші том. Алматы. “Жазушы”, 1984.
2. Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он сегізінші том. Алматы. “Жазушы”, 1985.
3. Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы “Жазушы”, 1985.
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996, 1998.
5. Б.Кәрбозды. Сырлы сөз сипаты. Алматы, 1997.
6. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы “Жазушы”, 1995.
7. Зейнолла Қабдолов “Әуезов”. Алматы, “Санат”, 1997.
8. Абай тағылымы. Жинақ. Алматы. “Жазушы”, 1986.

9. Тәкен Әлімқұлов. Жұмбақ жан. Алматы. “Жазушы”, 1978.
10. Сәбит Мұқанов. Жарқын жұлдыздар. Алматы. “Жазушы”, 1980.
11. Төлеутай Ақшоларев. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. “Рауан”, 1998.
12. Абайдың тәлімгерлік тәжірибесі. Алматы. “Рауан”, 1996.
13. XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы “Мектеп”, 1967.
14. Абайтану. Алматы. “Мектеп”, 2002.
15. Рабига Сыздықова. Сөз өрнегі. Алматы, 1966.

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...

toppreferat.com
Қазақша рефераттар...